

## Қандастарды қабылдаудың өнірлік квотасына енгізу жөніндегі комиссияның үлгілік ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2016 жылғы 6 қантардағы № 4 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 8 ақпанда № 13013 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы № 234 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 22.06.2023 № 234 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.03.2021 № 78 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заны 11-бабының 9-1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қандастарды қабылдаудың өнірлік квотасына енгізу жөніндегі комиссияның үлгілік ережесі бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.03.2021 № 78 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-қызықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы

тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сактау және әлеуметтік даму вице-министрі Б.Б. Нұрымбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сактау және әлеуметтік

даму министрінің міндетін аткарушы

Е. Біртанов

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сактау және әлеуметтік  
даму министрінің міндетін  
аткарушының  
2016 жылғы 6 қантардағы  
№ 4 бұйрығымен  
bekitilgen

## **Қандастарды қабылдаудың өнірлік квотасына енгізу жөніндегі комиссияның үлгілік ережесі**

**Ескерту.** Ереженің тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.03.2021 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### **1-тaraudyn takaryby jaşa redaksiyada – KR Eñbek jene halıqты әлеumettik қorǵau ministriniñ 16.03.2021 № 78 (alǵashqы resmi jariyalanғan kūninen keyin quntizbelik on kūn otken soñ қoldanyisqa engiziledi) bûrygymen.**

**Ескерту.** 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.03.2021 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Қандастарды қабылдаудың өнірлік квотасына енгізу жөніндегі комиссияның үлгілік ережесі "Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 9-1-тармағына сәйкес әзірленді және қандастарды қабылдаудың өнірлік квотасына енгізу жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) міндеттері мен функцияларын айқындаиды.

**Ескерту.** 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.03.2021 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Комиссия тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағында тұрақты әрекет ететін алқалық орган болып табылады.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституациясын, заңдарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

4. Комиссия төрағадан, төраға орынбасарынан, Комиссия мүшелерінен және Комиссия хатшысынан тұрады, оның жалпы құрамы 5 адамнан кем болмауға тиіс. Хатшы комиссияның мүшесі болып табылмайды.

5. Комиссияны Комиссия мүшелері сайлаған төраға басқарады.

Комиссия құрамын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі бекітеді.

Комиссия құрамына мәслихат депутаттары, мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың әкілдері кіреді.

6. Комиссия төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, комиссия отырыстарында төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады және қолданыстағы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес Комиссияның жүзеге асыратын қызметі және Комиссия шығаратын шешімдер үшін дербес жауаптылықта болады.

Төраға болмаған уақытта оның функцияларын орынбасары орындайды.

7. Комиссия мүшелері олардың қызметіне ауысу құқығынсыз қатысады.

8. Шешім қабылдау кезінде Комиссия мүшелері тең дауысқа ие. Дауыстар тең болған жағдайда, Комиссия төрағасының даусы шешуші болып саналады.

9. Келіспеушілік жағдайында Комиссия мүшелері өзінің ерекше пікірін жазбаша түрде білдіріп, оны Комиссия отырысының хаттамасына тіркейді.

## **2-тaraу. Комиссияның міндеті мен функциялары**

**Ескерту.** 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.03.2021 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Комиссияның міндеті қандас мәртебесін алған этникалық қазақтар мен олардың отбасы мүшелерінің қандастарды қабылдаудың өнірлік квотасына енгізу туралы өтініштерінің уақтылы және сапалы қаралуын қамтамасыз ету болып табылады.

**Ескерту.** 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.03.2021 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Комиссия өзіне жүктелген міндетке сәйкес мынадай функцияларды орындайды:

1) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары беретін қандастар тізімін келіседі;

2) қандастарды қабылдаудың өнірлік квотасына енгізу туралы өтініш білдіруші қандастардың өтініштерін қарайды;

3) мынадай:

этникалық қазақтар мен олардың отбасы мүшелерін қандастарды қабылдаудың өнірлік квотасына енгізуге алдын ала келісім беру туралы;

қандас мәртебесін алған этникалық қазақтар мен олардың отбасы мүшелерін қандастарды қабылдаудың өнірлік квотасына енгізу туралы;

бас тартудың себептерін уәжді турде негіздей отырып, қандастарды қабылдаудың өнірлік квотасына енгізуден бас тарту туралы шешімдер қабылдайды;

4) мемлекеттік органдармен және басқа да ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды;

5) етініш беруші қандастарды қоныстандыру үшін басқа өнірді таңдаған жағдайда жергілікті атқарушы органға оның құжаттарын беру жөнінде ұсыныс енгізеді.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.03.2021 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

12. Комиссия отырысын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары ұсынатын қандастардың тізімі алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оның төрағасы шақыртады.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.03.2021 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

13. Комиссияның шешімі Комиссия отырысына қатысқан оның мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

Комиссия шешімдері оның құрамы жалпы санының үштен екісі болған кезде занды болады.

14. Комиссия шешімдері қорытынды түрінде ресімделеді және оларға Комиссия төрағасы, хатшысы, қатысушы мүшелері қол қояды.